

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 қаңтарда № 10168 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 59) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін аткарушы

C. Омаров

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2014 жылғы "___" _____

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2014 жылғы " _____ "

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндеттін атқарушының
2014 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 18-04/675 бүйрығымен
бекітілген

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 26.08. 2020 № 203-ө (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді және жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аң аулау – аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алуды жүзеге асыру арқылы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі;

2) балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ведомство – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті (бұдан әрі – ведомство).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 15.11.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар (бұдан әрі – рұқсаттар) жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың мына түрлеріне беріледі:

1) аң аулау;

2) балық аулау (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттеу, мелиорациялық аулау, өсімін молайту мақсатында аулау);

- 3) жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індettің алдын алу мақсатында пайдалану;
- 4) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалану.

4. Аң аулауға, кәсіпшілік аулауға, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттеу, мелиорациялық аулауға, өсімін молайту мақсатында аулауға, жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індettің алдын алу мақсатында пайдалануға, жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға рұқсаттар:

1) бұдан бұрын жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау жүргізілмеген су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулауды;

2) қырылуға қарсы іс-шара ретінде жүзеге асырылатын мелиорациялық аулауды қоспағанда, бекітілген лимиттерге сәйкес және белгіленген алып қою квоталары шегінде беріледі.

5. Аң аулауға, кәсіпшілік аулауға, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттеу, мелиорациялық аулауға, өсімін молайту мақсатында аулауға, жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індettің алдын алу мақсатында пайдалануға, жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға рұқсаттар осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша беріледі.

2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

6. Мемлекеттік қызметті:

екі және одан да көп облыстардың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулауды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдар жануарларды алушың белгіленген лимиттері мен квоталары шегінде;

екі және одан да көп облыстарда орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау мақсатында рұқсатты ведомство (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

7. Бір балықшы бір барғанда бес килограммға дейін балық аулай отырып, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) участкерінің резервтік қорында ғылыми-техникалық (спорттық) балық аулау қандай да бір рұқсатсыз жүзеге асырылады.

8. Ғылыми-зерттеу үшін аулау мақсатында рұқсат алу үшін "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында айқындалған тәртіппен субъектіні ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәліктің болуы қажет.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты

"электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторына және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 15.11.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысанда жазылған.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 15.11.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің қарауына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 84-бабына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшениң қызметкері көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық-цифрлы қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында өтінімді одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

11. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды өтінімде көрсетілген деректер мен мәліметтердің және ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің сәйкестігі түрғысынан қарайды және өтінім келіп түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында рұқсат не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 8-қосымшада жазылған.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға

алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу үақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші оң нәтиже немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 15.11.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сатысы туралы деректердің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

13. Егер балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың талаптары бойынша балық аулау бірнеше балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учакелерінде, сондай-ақ бірнеше кемеде, бригадада немесе буындарда жүзеге асырылатын болса, өтініш беруші "жеке кабинет" арқылы кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттеу, мелиорациялық аулауға, өсімін молайту мақсатында аулауға, балық аулау аймағында және ортақ су қеңістігінде аулауға әрбір участкеге, кемеге, бригадаға немесе буынға жеке-жеке рұқсатты басып шығарады.

Әрбір участкеге, кемеге, бригадаға немесе буынға басып шығарылған рұқсат уәкілетті орган және (немесе) жергілікті атқарушы орган берген рұқсаттың телнұсқасы болып табылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.10.2021 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алып тасталды - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.04.2023 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. "Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі орган жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңдың 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдегі органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.10.2021 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Жануарлар дүниесін пайдалануға
рұқсаттар беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

**(жергілікті атқарушы органның
атауы) (наименование местного исполнительного органа)**

| | |
|---|---|
| Жануарлар дүниесін пайдалануға РҰҚСАТ № _____ | РАЗРЕШЕНИЕ на пользование животным миром (аң аулауга) |
| 1. Берілді / выдано: _____ (заңды тұлғаның атауы және | |
| бизнес-сәйкестендірунөмірі, жеке тұлғаның, тегі, аты, әкесінің аты (онын болған кезінде) және жеке сәйкестендіру нөмірі/ наименование организации и бизнес-идентификационный номер юридического лица, фамилия, имя, отчество (при его наличии) и индивидуальный идентификационный номер | |

физического лица) Анаулау орны (аңшылық шаруашылығы, участке)/место охоты (охотничье хозяйство, участок) _____ Аулау мақсаты: (әуесқойлық (спорттық), кәсіпшілік аңаулау, олжалалау/ цель изъятия: (любительская (спортивная), промысловая охота, добыча трофея) _____

Алып қойылатын жануарлар объектілері/добыываемые
объекты животного мира

| | | | |
|----------------------------|--|---|------------------------------------|
| Жануар түрі/ Вид животного | Жыныстық-жасқұрамы (коңыр аю, тұяқты жануарлардың жыныстықжас-құрамы және қажет болған жағдайда құска)/ половозрастной состав (для бурого медведя, копытных животных, и в случае необходимости для дичи) | Саны (дарак)/ количество (особей) | Аулау мерзімі дейін/ сроки изъятия |
| | | ___ ж. " __ " ___ ___ ж. " __ " ___ с " __ " ___ ___ г по " __ " ___ г | |

Берілген күні/дата выдачи " ___ " ___ ___ ___ ж./г. Берген/выдал:

Атқарушы органның мөрі /Место печати местного исполнительного органа_____

(Төменгі бөлігін аңшыға рұқсат берген үйім толтырады/заполняется организацией, получившей разрешение на пользование животным миром)

2. Аңшы/охотник _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болса) / (фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Аңшы куәлігі (сериясы, нөмірі, берілген күні)/удостоверение охотника (серия, номер, дата выдачи)_____

Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсаттар
беру қагидаларына
2-қосымша
Нысан

(ведомствоның
немесе жергілікті атқарушы органның атауы)

Ескеरту. 2-қосымша жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 15.11.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нөмірі: _____ Берілген күні: _____ Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат (кәсіпшілік аулау, әуесқойлық (спорттық) аулау, ғылыми-зерттемелік аулау, мелиорациялық аулау, өсімін молайту мақсатында аулау)

Берілді: _____

Пайдалану түрі: _____

Алу мақсаты: _____

Су айдынының және (немесе) участкенің атауы: _____

Алу тәсілдері: _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар: _____

Мекендейтін ортасынан алғынуы жоспарланған жануарлар дүниесі объектілерінің тізбесі мен саны:

| № | Объектілерінің атауы | Саны (килограмм, тонна, даражтар) |
|---|--|------------------------------------|
| 1 | бекіре балықтары (кортпа, бекіре, шоқыр, сүйрік, тілмай) | |
| 2 | майшабақтар, тікенді балық, түйетабан, шабақ | |
| 3 | албырт балықтар | |
| 4 | аксақа балықтар | |
| 5 | ірі балықтар | |
| 6 | ұсақ балықтар | |
| 7 | су жануарлары | |

Алу мерзімі _____ бастап _____ дейін

Болжамды алу участкесінің ауданы (аумағы) мен шекарасы _____

Алу құралдары:

| | |
|------------------------|-----------|
| Алу құралдарының атауы | Саны дана |
|------------------------|-----------|

Жұзу құралдары:

| | |
|------------|-----------|
| Кеме атауы | Саны дана |
|------------|-----------|

Үәкілдегі тұлға:_____

Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсаттар
беру қағидаларына

3-қосымша

Нысан

(жергілікті атқарушы органның атауы)

Нөмірі:_____ Берілген күні:_____

Жануарлар дүниесін ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індегітің алдын алу мақсатында пайдалануға арналған рұқсат

Берілді: _____

Пайдалану түрі _____

Алу мақсаты _____

Алу тәсілдері _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар: _____

Алынуы жоспарланып отырған объектілердің тізбесі мен саны:

| | | |
|-------------|-----------------|---------------------------------------|
| Жануар түрі | Саны (дарактар) | Аудан (аумак) және участке шекаралары |
|-------------|-----------------|---------------------------------------|

Төлемнің жиынтық сомасы _____

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда): _____

Алу мерзімі: _____ бастап _____ дейін

Алу тәсілі: _____

Рұқсатты пайдалану туралы есептің берілетін мерзімі: _____

Бақылау: _____ жүктеледі.

Үәкілетті тұлға: _____

Жануарлар дүниесін пайдалануға
руқсаттар беру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

(жергілікті атқарушы органның атауы)

Нөмірі: _____ Берілген күні: _____

Жануарлар дүниесін өсімін молайту мақсаттарында пайдалануға РҰҚСАТ

Жануарларды пайдалану мақсаты: _____

Берілді: _____

Алу тәсілі: _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар: _____

Алу үшін жоспарланған объектілердің тізбесі мен саны:

| | | |
|----------------------|-----------------|---------------------------------------|
| Жануарлардың түрлері | Саны (дарактар) | Аудан (аумак) және участке шекаралары |
|----------------------|-----------------|---------------------------------------|

Төлемнің жиынтық сомасы _____

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда): _____

Алу мерзімі: _____ бастап, _____ дейін.

Алу тәсілі: _____

Рұқсатты пайдалану туралы есептің берілу мерзімі:

Бақылау: _____ жүктеледі.

Үәкілетті адам: _____

Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсаттар
беру қағидаларына
5-қосымша

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

Ескеरту. 5-қосымша жаңа редакцияда - КР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 15.11.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында кәсіпшілік, әуесқойлық және спорттық аң аулауды жүргізу кезінде төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| № | Жабайы жануарлардың түрлері | Төлемақы мөлшерлемесі, бір дара нұсқасы үшін (айлық есептік көрсеткі) | |
|-------|---|---|-----------------------------------|
| | | Кәсіпшілік аң аулау | Әуесқойлық және спорттық аң аулау |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Сүтқоректілер: | | |
| 1.1) | бұлан (еркегі) | - | 16 |
| 1.2) | бұлан (ұргашысы) | - | 11 |
| 1.3) | бұлан (бір жасар төлі) | - | 6 |
| 1.4) | марал (еркегі) | - | 13 |
| 1.5) | марал (ұргашысы) | - | 7 |
| 1.6) | марал (бір жасар төлі) | - | 4 |
| 1.7) | аскания бұғысы (еркегі) | - | 9 |
| 1.8) | аскания бұғысы (ұргашысы) | - | 5 |
| 1.9) | аскания бұғысы (бір жасар төлі) | - | 3,5 |
| 1.10) | елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, еркегі) | - | 4 |
| 1.11) | елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, ұргашысы, бір жасар төлі) | - | 3 |
| 1.12) | елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, еркегі) | - | 3 |
| 1.13) | елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, ұргашысы, бір жасар төлі) | - | 2 |
| 1.14) | сібір тау ешкісі (еркегі) | - | 4 |
| 1.15) | сібір тау ешкісі (ұргашысы, бір жасар төлі) | - | 3,5 |
| 1.16) | құдыр | - | 2 |
| 1.17) | қабан (еркегі) | - | 4 |
| 1.18) | қабан (ұргашысы, бір жасар төлі) | - | 3 |
| 1.19) | киік (еркегі) | 4 | 5 |
| 1.20) | киік (ұргашысы, бір жасар төлі) | 3 | 4 |
| 1.21) | коңыр аю (Тянь-Шань аюынан басқа) | - | 14 |
| 1.22) | өзен құндызы, кәмшат (ортаазиялықтан басқа) | 1 | 2 |
| 1.23) | бұлғын | 2 | 4 |
| | | | |

| | | | |
|-------|--|-------|-------|
| 1.24) | суырлар (Мензбир сурынан басқа) | 0,060 | 0,12 |
| 1.25) | ондатр | 0,045 | 0,9 |
| 1.26) | борсық, тұлқі | 0,10 | 0,20 |
| 1.27) | қарсақ | 0,045 | 0,10 |
| 1.28) | америкалық су күзені | 0,12 | 0,25 |
| 1.29) | сілеусін (Түркістан сілеусінінен басқа) | - | 0,45 |
| 1.30) | қояндар (күмқоян, орқоян, ақ коян) | 0,010 | 0,045 |
| 1.31) | жанат тектес ит, шайқағыш жанат, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, ақкіс, сары күзен, сасық күзен, кәдімгі тиін | 0,020 | 0,35 |
| 1.32) | саршұнақ (құм саршұнағы) | 0,015 | 0,025 |
| 1.33) | қасқыр | 0 | 0 |
| 1.34) | шибөрі | 0 | 0 |
| 2. | Құстар | | |
| 2.1) | маймақ каз (қызыл жемсаулы, қара жемсаулы) | 0,015 | 0,030 |
| 2.2) | саңырау құр | - | 0,15 |
| 2.3) | құр | - | 0,055 |
| 2.4) | Гималай ұлары | - | 0,20 |
| 2.5) | қырғауыл | 0,020 | 0,060 |
| 2.6) | қаздар* (сұр каз, ақманадайлы каз, қырманқаз), қарашақаз | 0,020 | 0,045 |
| 2.7) | үйректер* (сарыалаказ, италақаз, барылдауық, қырылдақ шүрегей, ысылдақ шүрегей, боз үйрек, сары айдар үйрек, қылқұйрық, даурықпа шүрегей, жалпак тұмсық, қызылтұмсық сұңгуір, бізкүйрық сұңгуір, айдарлы сұңгуір, теңіз сұңгуірі, ұшқыр үйрек, сусылдақ, мамықказ, қара тұрпан, кіші бейнарық, секпілтөс бейнарық, үлкен бейнарық) | 0,010 | 0,020 |
| | қасқалдақ, қызғыш, шілдер (аққұр, тундра шілі, дала шілі, сұр шіл, | | |

| | | | |
|------|--|-------|-------|
| 2.8) | сақалды шіл), кекілік, сұр құр, кептерлер (дыркептер, тұзкептер, көк кептер, құз кептер), түркептер (кәдімгі, үлкен түркептер), шалшықшылар (куржікей , шаушалшық, тауқұдірет , орман маңқысы, азиялық тауқұдірет, тау маңқысы, манқы, жылқышы, үлкен шалшықшы, қасқа шалшықшы, үлкен шыргалак, кіші шыргалак) | 0,005 | 0,010 |
| 2.9) | бөдене | 0,005 | 0,010 |

* Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерінен басқа.

Балық аулау обьектілері болып табылатын жануарлардың түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| Р/с № | Су жануарларының түрлері | Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) | |
|-------|---|-------------------------------|---------------------|
| | | бір дара нұсқасы үшін | бір килог-рамы үшін |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Кәсіпшілік және ғылыми мақсаттарда: | | |
| 1.1 | бекіре тұқымдас балықтар (кортпа, бекіре, шоқыр, сүйрік, пілмай) | | 0,064 |
| 1.2 | майшабақтар (қарынсау, бражников шабағы, каражон), тікенді балық, камбала, шабақ | | 0 |
| 1.3 | албырт балықтар (құбылмалы бақтақ, майқан, хариус) | | 0,017 |
| 1.4 | аксақа балыктар (көкшұбар, көкшарбы, пайдабалық, шыр, мұқсын), ұзын саусақты шаян | | 0,012 |
| 1.5 | қаракөз | | 0,004 |
| 1.6 | итбалық | 1,93 | |
| 1.7 | ірі балықтар: | | |
| 1.7.1 | ақ амур, сазан, тұқы, ақмарқа, беріш, жайын, нәлім, дөңмаңдай, шортан, жыланбас балық, көксерке | | 0,013 |
| 1.8 | ұсақ балықтар: | | |

| | | | |
|-------|--|-------|-------|
| 1.8.1 | табан, торта, түрпә балық, майбалық, көкбас, кызылкөз, аққайран, мөнке, алабұға, онғақ, кәдімгі және талас тарғак балығы, қызылқанат, балпан балық, білеу балық, айнакөз, көктүрән, қылыш балық, буффало, шармай | | 0,004 |
| 2. | Спорттық-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулауды журғізу кезінде: | | |
| 2.1 | алып қоя отырып: | | |
| 2.1.1 | ірі балықтар | | 0,017 |
| 2.1.2 | қортпа | | 6,5 |
| 2.1.3 | бекіре тұқымдас балықтар | | 5,5 |
| 2.1.4 | ақсақа, албырт балықтар | | 0,042 |
| 2.1.5 | ұсақ балықтар | | 0,008 |
| 2.1.6 | шаян | 0,008 | |
| 2.2 | "ұстап алу-қоя беру" қагидағы негізінде: | | |
| 2.2.1 | ірі балықтар | | 0,1 |
| 2.2.2 | бекіре тұқымдас балықтар (кортпа, бекіре, шоқыр, сүйрік, пілмай) | 4,97 | |
| 2.2.3 | ақсақа және албырт балықтар | | 0,27 |
| 2.2.4 | ұсақ балықтар | | 0,068 |

Өзге де шаруашылық мақсаттарда (аң аулаудан және балық аулаудан басқа) пайдаланылатын жануарлар түрлеріндегі пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

| Р/с № | Жануарлардың түрлері | Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК) | |
|----------|--|-------------------------------|---------------------|
| | | бір дара нұсқа-сы үшін | бір килограммы үшін |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Сүткоректілер: | | |
| 1.1 | шұбар мысық немесе дала мысығы | 0,030 | - |
| 1.2 | қарақас | 0,015 | - |
| 2. | Құстар: | | |
| 2.1 | кішкене, қарамайын, қызылмойын, сұржак, үлкен сұқсыр, үлкен сукұзғын, үлкен көлбұка, | 0,010 | - |

| | | | |
|-----|---|-------|---|
| | бақылдақ құтан, көккүтән және қошқыл құтан | | |
| 2.2 | ұлкен аққүтән | 0,015 | - |
| 2.3 | маусымқұс, қошқылқанат және алтынжон татрең, шүрілдек, шаушүрілдек, монгол шүрілдегі, сарысағақ шүрілдек, шығыс шүрілдегі, теңіз шүрілдегі, алқалы татрең, тасшарлаған, сутартар, тартар, кішкене тартар, титтей тартар, қызылқасқа сутартар, дала қарақасы, қарала балшықшы, сауысқан, бұлыңғыр, бөрте балшықшы, ұлкен балшықшы, шөпілдек, тәкілдек балшықшы, бұлақшы, мамырқұс, қайқытұмсық балшықшы, ақжагал қалытқы, актамак қалытқы, күмғақша, қызылмойын күмдауық, ұзынсаусақ күмдауық, аққүйрық күмдауық, қызылтөс күмдауық, қаратөс күмдауық, бізқүйрық күмдауық, құмқұс, тұнбашы, шабындық және дала қарақасы, сақиналы түркептер, сарыжағал қараторғай, сарытұмсық шауқарға, қараторғай, пайызорғай, қызылтелпекті құнақ, көккарға, бозторғайлар (айдарлы, теңбілтөс, нәзіктұмсықты, сұр, сор, дала бозторғайы, қостенбілді, аққанат, қара, құлақты, орман бозторғайы, шабындық бозторғайы, үнді бозторғайы), қызылтұмсық шауқарға, алабажақ сайрауық | 0,005 | - |
| 2.4 | қаршыға | 0,010 | - |
| 2.5 | қырғи, маубас жапалақ, байғыз, жұнбалақ байғыз, | 0,045 | - |

| | | | |
|-----|---|-------|--------|
| | құлақты жапалак, саз жапалағы, жамансары | | |
| 3. | Бауырымен жорғалаушылар: | | |
| 3.1 | Орта Азия тасбақасы, саз тасбақасы | 0,020 | - |
| 3.2 | ешкіемер, бат-бат кесіртке, жұмырбас құм кесіртке, сығыркөз | 0,010 | - |
| 3.3 | бозша жылан | 0,045 | - |
| 3.4 | өрнекті қарашұбар жылан, шығыс және құм жыланы | 0,035 | - |
| 3.5 | көлбака | 0,005 | - |
| 4. | Омыртқасызды су жануарлары: | | |
| 4.1 | артемия (цисталар) | - | 0,045 |
| 4.2 | гаммарус, шашақ мұрт шаяндар | - | 0,010 |
| 4.3 | сүліктер | - | 0,030 |
| 4.4 | басқада су омыртқасыздары мен цисталар | - | 0,005 |
| 4.5 | артемия | - | 0,0043 |

Ескерту:

1. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі осы тармақтың мақсаттары үшін – төлемақы) жануарлар дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін алынады.

2. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақыны осы жануарларды табиғи ортадан әкетуге рұқсат беру кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі әрбір жеке жағдайда белгілейді.

3. Төлем алынбайды:

1) жануарларды кейіннен табиғи ортаға жібере отырып, ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарда таңбалау, жұзу, қоныстандыру, жасанды өсіру және шағылыстыру мақсатында табиғи ортадан алып қою кезінде;

2) жеке және занды тұлғалардың меншігі болып табылатын, жасанды түрде өсірілген және еріксіз және (немесе) жартылай еркін жағдайларда ұсталатын жануарлар дүниесі объектілерін пайдаланған кезде;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган балық ресурстарын және су жануарларының өзге де түрлерін пайдалануды биологиялық негіздеу мақсатында балық және басқа да су жануарларын бақылауды жүзеге асырған кезде;

4) халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларының ауруларының алдын алу, қоршаган ортаға залал келтіруді болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне елеулі зиян келтіру қаупін болдырмау мақсатында саны реттелуге жататын жануарлар түрлерін алып қою кезінде.

4. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган және жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірілмей, олардың орналасқан жері бойынша салық органдарына салық органына есеп айырысуды қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтерді табыс етеді. уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша алымдарды төлеушілер мен салық салу объектілері.

Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсаттар
беру қагидаларына
6-қосымша

Нысан

(кімге) _____
(занды тұлғаның толық атаяу,
көрсетілетін қызметті
берушінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда)
(кімнен) _____
(көрсетілетін қызмет
алушының толық атаяу)
мекенжайы _____
(индексі, облыс, қала,
аудан, көше, үй №,
пәтер № (бар болса), телефон)
көрсетілетін қызмет алушының
деректемелері

(бизнес-сәйкестендіру номірі,
жеке сәйкестендіру номірі)

Отінім

Ескеरту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 15.11.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат" беруді сұраймын (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттеу үшін аулау, мелиорациялық аулау, өсімін молайту мақсатында аулау)

Пайдалану түрі: _____

Су айдынының және (немесе) участкесінің атаяу _____

Алу мақсаты: _____

Алу тәсілдері: _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін алғып қоюға қатысадын адамдардың тізімі: _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

20 ____ жылғы "—" № ____ Балық шаруашылығын жүргізу шарты Субъектіні аккредиттеу туралы анықтаманың нөмірі, күні және сериясы (ғылыми-зерттеу үшін аулау жағдайында)

Мекендеу ортасынан алынуы жоспарланып отырған объектілердің тізбесі мен саны:

| Объектілердің атауы | Саны (тонна) | Саны (дараптар) |
|---------------------|--------------|-----------------|
| | | |

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда): _____

Алу мерзімі: _____ бастап _____ дейін

Болжамды алу участкесінің ауданы (аумағы) мен шекарасы _____

Алу құралы:

| Алу құралының атауы | Саны |
|---------------------|------|
| | |

Жұзу құралдары:

| Кеменің түрі | Саны, дана |
|--------------|------------|
| | |

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын. Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Отінімнің берілген күні 20 ____ жылғы "—"

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЭЦК)

Жануарлар дүниесін пайдалануға

рұқсаттар беру қағидаларына

7-қосымша

(кімге) _____

(занды тұлғаның толық атауы,
көрсетілетін қызметті

берушінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда))

(кімнен) _____

(көрсетілетін қызмет алушының толық
атауы)

мекенжайы _____

(индексі, облыс, қала, аудан, көше, үй

№, пәтер № (бар болса), телефон)

көрсетілетін қызмет алушының
деректемелері

Отінім

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат" беруді сұраймын (аң аулауға, өсімін молайту мақсатына, жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індettің алдын алу мақсатында пайдалануға)

Пайдалану түрі: _____

Алу мақсаты: _____

Алу тәсілдері: _____

Аңшылық шаруашылығын жүргізу шартының нөмірі мен күні: _____

Рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамдар: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Аң аулауды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға қатысатын адамдардың тізімі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекендеу ортасынан алу үшін жоспарланып отырған объектілердің тізбесі мен саны:

| Жануарлардың түрлері | Саны (даражтар) | Аудан (аумак) және участке шекарасы |
|----------------------|-----------------|-------------------------------------|
| | | |

Жалпы құны (теңге) _____

Жыныстық-жас құрамы (қажет болған жағдайда): _____

Алу мерзімі: _____ бастап _____ дейін.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын. Ақпараттық жүйelerde қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Отінімнің берілген күні 20 _____ жылғы "—" _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЭЦК)

Жануарлар дүниесін
пайдалануға рұқсаттар
беру қагидаларына
8-қосымша

Ескеरту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 07.12.2023 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1. Аң аулау
2. Балық аулау (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттеу үшін аулау, мелиоративтік аулау, өсімін молайту мақсатында аулау
3. Жануарларды ғылыми, мәдени-агартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ әпизоотияны болдырмау мақсатында пайдалану
4. Жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалану

| | | |
|---|---|--|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары) | Барлық кіші түрлері бойынша: "электрондық үкіметтің" веб-порталы |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | <p>Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың мынадай түрлеріне беріледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) аң аулау; 2) балық аулау (кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттеу мақсатында аулау, мелиорациялық аулау, өсімін молайту мақсатында аулау); 3) жануарларды ғылыми, мәдени-агартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індепті болдырмау мақсатында пайдалану; 4) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалану. <p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық</p> |
| | | <p>Мемлекеттік қызмет ақылы/ақысыз негізде көрсетіледі.</p> <p>Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы</p> |

Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері

" Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) сәйкес, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес алынады.

Төлем қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүргізіледі.

Төлемақы сомасы жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған жер бойынша бюджетке төленеді. Төлеу бюджетке төленуге жататын төлемақы сомасы ағымдағы жылғы кәсіпшілік балық аулау объектілерін алып қою квоталары бойынша айлық есептік көрсеткіштің 350 еселенген мөлшерінен астам сомада асып кеткен кезде кәсіпшілік балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақыны қоспағанда, рұқсат алынғанға дейін екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен жүргізіледі.

Кәсіпшілік балық аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеу бюджетке төленуге жататын төлемақы сомасы ағымдағы жылғы кәсіпшілік балық аулау объектілерін алып қою квоталары бойынша айлық есептік көрсеткіштің 350 еселенген мөлшерінен астам сомада асып кеткен кезде мынадай мерзімдерде үлестермен жүргізіледі:

ағымдағы жылдың 25 желтоқсанына дейін – ағымдағы жылды берілген жалпы квотаның 20 пайзы; квота берілген жылдан кейінгі жылдың 25 наурызына дейін –

ағымдағы жылы берілген жалпы квотаның 40 пайзы; квота берілген жылдан кейінгі жылдың 25 маусымына дейін – ағымдағы жылы берілген жалпы квотаның 40 пайзы.

Төлемақы:

- 1) жануарларды кейіннен табиғи ортага шығара отырып, ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарда оларды танбалау, сақиналау, қоныс аудару, жерсіндіру, жасанды жолмен өсіру және будандастыру мақсатында табиғи ортадан алу кезінде;
- 2) жеке және занды тұлғалардың жасанды жолмен өсірілген, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын меншігі болып табылатын жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану кезінде;
- 3) балық ресурстарын және су жануарларының басқа да тұрларін пайдалануға биологиялық негіздеме мақсатында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы үәкілетті мемлекеттік органның балықтар мен басқа да су жануарларын бақылау үшін аулауды жүзеге асыруы кезінде;
- 4) халықтың денсаулығын қорғау, ауылшаруашылық және басқа да үй жануарларын аурулардан сактау, қоршаган ортага залал келтірудің алдын алу, ауылшаруашылық қызметіне елеулі залал келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге жататын жануарлар тұрларін алып қою кезінде алынбайды.

- 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат

| | |
|---|--|
| <p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпарат объектілерінің жұмыс графигі</p> | <p>13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) портал-жондеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде етініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Кодекске сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда орналастырылған.</p> |
| | <p>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлы қолтанбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық күжат нысанындағы өтініш:</p> <p>1) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлар дүниесін пайдалануға (кәсіпшілік балық аулауға, ғылыми-зерттеу үшін аулауға, мелиорациялық аулауға, өсімін молайту мақсатында аулауға, әуесқойлық (спортық) балық аулауға) рұқсаттар беру кезінде;</p> <p>2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жануарлар дүниесін пайдалануға (аң аулауға, жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індettі болдырмау мақсатында, жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға) рұқсаттар беру кезінде.</p> <p>Пайдалану түріне байланысты қосымша:</p> <p>1) аң аулауға (алғаш рет жүгінген кезде):</p> <p>жануарлар дүниесі объектілерін алып қою шетелдіктердің қатысуымен жүргізілген жағдайда – аңшылық шаруашылығы субъектісінің шетелдіктермен аң аулауды ұйымдастыруға арналған</p> |

Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін
көрсетілетін қызметті алушыдан
талап етілетін құжаттар мен
мәліметтердің тізбесі

- шартының электрондық көшірмесі;
2) ғылыми-зерттеу үшін аулауга:
ғылыми жұмыстарды жүргізу
негіздемесінің және
ғылыми-зерттеу жұмыстары
бағдарламасының электрондық
көшірмесі;
жануарлар дүниесі объектілерін
алып қоюдың болжамды көлемін
негіздейтін есептердің
электрондық көшірмесі;
бұдан бүрын берілген рұқсаттарды
пайдалану нәтижелері туралы
есептің электрондық көшірмесі (берілген рұқсаттар жағдайында);
3) мелиорациялық үшін аулауга:
осы Қағидаларға 6-қосымшаға
сәйкес нысан бойынша өтінім.
4) өсімін молайту мақсатында
аулауга:
балық ресурстарының өсімін
молайтуға мемлекеттік
тапсырысты орындау мақсатында
аулау жағдайларын қоспағанда,
балық ресурстарын қорғау, өсімін
молайту және пайдалануға аулау
саласындағы аккредиттелген
ғылыми ұйымның биологиялық
негіздемесінің электрондық
көшірмесі;
балық ресурстарының жасанды
өсімін молайту жөніндегі өндіріс
объектісіне растайтын
құжаттардың көшірмесі (меншік
иесі (құқық иесі) туралы
мәліметтер);
5) кәсіпшілік үшін аулауга:
осы Қағидаларға 6-қосымшаға
сәйкес нысан бойынша өтінім.
6) жануарлар түрлерін өсімін
молайту мақсатында пайдалануға:
жануарлар дүниесі объектілерін
алып қоюды негіздейтін
материалдардың электрондық
көшірмесі (мемлекеттік
экологиялық сараптаманың оң
корытындысы бар биологиялық
негіздеме) беріледі.
7) жануарларды ғылыми,
мәдени-ағартушылық, тәрбиелік,

эстетикалық мақсаттарда, сондай-ақ індettің алдын алу мақсатында пайдалануға: індеп мониторингінен басқа, бейіндеуші ғылыми ұйымның ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан үзіндінің және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасының электрондық көшірмесі, жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюды негіздейтін материалдардың электрондық көшірмесі (биологиялық негіздеме);

індettі болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасында жануарлар аурулары індептің мониторингі үшін ветеринария саласындағы уәкілдепті органның мемлекеттік ветеринариялық ұйымының жыл сайынғы жұмыс жоспарының электрондық көшірмесі;

Жеке басын куәландыратын күжаттар туралы, инкубациялық цехтың, балық өсіру тоғандарының және (немесе) бассейндердің болуын растау үшін жылжымайтын мүліктің болуы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бүйрекшімен бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан альнатын онім мен шикізатты дайындауды (союды), сактауды, қайта өндеуді және өткізуі жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сактау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік номірлер беру қағидаларына сәйкес "Жануарлар мен құстарды өсіруді және өткізуі жүзеге асыратын өндіріс объектілері" қызметінің түріне есептік номірі ("К" коды) (жеке балық питомниктері үшін балық отыргызы материалын өндіру мақсатында), занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

| | |
|--|--|
| | <p>туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік жүйелерден ЭУПШ шлюзі арқылы алады.</p> <p>Осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырган кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы нәтижені беру күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның электрондық цифрлық қолтанбасымен қойылады және портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.</p> |
| Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | <ol style="list-style-type: none"> 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті ауды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы сottың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты сottың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушмен байланысты арнаулы құқығынан |

| | | |
|----|--|--|
| | | <p>айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады;</p> <p>5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | <p>1) ғылыми-зерттеу үшін аулау мақсатында рұқсат алу үшін "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 645 қаулысында айқындалған тәртіппен субъектіні ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы қуәліктің болуы қажет.</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірынғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> |

Жануарлар дүниесін пайдалануға
руқсаттар беру қағидаларына
9-қосымша

Ескерту. 9-қосымша алып тасталды - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.04.2023 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК